



**Сәкен Сейфуллин
“Көкшетау” поэмасы**



Эпиграф:

*“... Сәкен – туған халқының ер ақыны,
далада туған революция дауылпазы”.*

Серік Қирабаев

Өмірдерек

Сәкен (Сәдуақас) Сейфуллин 1894 жылы 15 қазанда Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданы Нілді ауылында дүниеге келген. Сәкен 1905-1909 жж. Нілді кенішіндегі бастауыш мектепте, 1909-1911 жж. Ақмоладағы екі сыныпты приход мектебінде оқиды. 1922 -1924 жж. ҚазАКСР Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы қызметін атқарады. 1925-1928 жж. Қызылорда халық ағарту институтында, 1928-1929ж. Тәшкен педагогикалық институтында, 1930-1937ж. Алматыдағы Абай атындағы педагогикалық институтында қазақ әдебиеті тарихынан сабақ береді. Әдеби шығармаларынан: 1914 ж. «Өткен күндер», 1922 ж. «Асау тұлпар» өлеңдер жинағын шығарды. 1917 ж. «Бақыт жолына», 1920 ж. «Қызыл сұңқарлар» пьесаларын жазды. 1924 ж. «Домбыра», 1926 ж. «Экспресс», 1928 ж. «Тұрмыс толқынында» жинақтарын, 1927 ж. «Тар жол, тайғақ кешу» роман-эссесі мен «Жер қазғандар» повесін, 1929 ж. «Көкшетау» поэмасын жариялады. 1933 ж. «Альбатрос», «Қызыл ат» поэмаларын, 1935 ж. «Социалистан» атты өлеңдер жинағын шығарды. 1934-35ж. дейін «Айша» әңгімесі, «Біздің тұрмыс» романы, «Жемістер» атты публицистикалық хикаяты, көптеген өлеңдері жарық көрді. Сәкен Сейфуллин «халық жауы» деген айып тағылып 1938 ж. 25 ақпанда Алматы қаласында атылды.

Хронологиялық кесте

- 1894-1938 – өмір сүрген жылдары
- 1909-1911 жж. Ақмоладағы екі сыныпты приход мектебі
- 1922 -1924 жж. ҚазАКСР Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы
- 1930-1937 жж. Алматыдағы Абай атындағы педагогикалық институтында
- 1938 ж. 25 ақпанда Алматы қаласында атылды.

Әдеби терминдер

- **Поэма** – оқиғаны өлеңмен баяндап айтатын, кейде жыр-толғау түрінде айтылатын көлемді шығарма.
- **Портрет** – әдеби кейіпкердің сырт көрінісін, көркем бейнесін, кескін-келбетін суреттеу.
- **Кейіптеу** – жансыз нәрселерді адам кейпіне келтіріп суреттейтін көркемдік тәсіл.
- **Эпитет** – заттың, құбылыстың ерекшелігін, сыр-сипатын бейнелі түрде танытатын троптың қарапайым түрі.

Поэма 4 бөлімнен:

- “Көкшетау”
- “Қалмақ қызы”
- “Әнші ақындары”
- “Жер бөлісі мен конфиске әсері”
және 47 тараудан тұрады.

“Тарихшылар” тобына:

...Ертегі толып жатқан өткен-кеткен,

Өтірік-шынды әңгіме бізге жеткен.

Әйтеуір расы сол: Көкшетауда,

Ел шапқыш хан Абылай мекен еткен.

- Осы поэма оқиғасындағы хан Абылай кім? Қасым хан кім? Абылайдың образы қалай суреттелген?**

“Жұлдызды әлем” ойыны

- “Көкшетау” поэмасы қай жылы жазылады?
- Ол қандай поэма?
- Поэманың “Оқжетпес” тарауында таудың зәулім екенін танытатын жерін оқып беріңдер?
- Портрет дегеніміз не?
- Ақынның суреттеуіндегі қалмақ қызы қандай?
- Адақты поэмада қалай суреттейді?
- Көкше өңірінің әнші-жыршылары, ақын-жаушылары.

3. Шығармашылығы

Лирикалық өлеңдері,
поэма, проза, әңгімелері

4. Негізгі
ерекшеліктері

Ағартушылық, гуманистік,
сұлулықты жырлау

2. Сәкен кім?

Ақын, драматург, педагог

5. Тақырыбы

Өнер-білім, Отан, табиғат,
махаббат

1. Өскен ортасы

Қарағанды обл, Нілді ауылы. Әкесі
Сейфолла, анасы Жамал

“Ақын әлемі”

6. Поэмалары

Көкшетау, Қызыл ат,
Аққудың айырылуы

8.

Сәкентанушылар

Т.Кәкішев, А.Кәкен,
С.Қирабаев

7. Прозалары

Айша, Жер қазғандар,
Жемістер

Қорытынды.

БІЛЕМІН	БІЛГІМ КЕЛЕДІ	ҮЙРЕНДІМ
Ақынның өлеңдерін, поэмаларын, әңгімелерін	Көкшетау қаласын, Бурабай, Оқжетпесті аралағым келеді. Бурабай көліне түскім келеді.	Адамгершілік асыл қасиетті, сүйіспеншілік, тапқырлықты.

Үй тапсырмасы:



“Қазіргі Көкше жерінде ...”

тақырыбына шығарма жазып келу.

